



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 22 қаңтар

Данияр Ақышев – Әлеуметтік және бюджеттік сала қызметкерлеріне тұрғын үй сертификаттарын беру нысанында бастапқы жарнаны субсидиялау тетіктері енгізілді

2018 жылғы наурызда Мемлекет басшысы Бірінші әлеуметтік бастама шеңберінде «7-20-25» бағдарламасын іске қосуды тапсырды. Ол халық үшін тұрғын үй жағдайларын жақсартуға арналған.

Қазақстан Ұлттық Банкі өткен жылдың ортасында Бағдарлама талаптарын бекітті. Ипотека нарығын дамыту үшін заңнамалық түзетулер енгізілді. Оператор – «Баспана» ұйымы құрылды. «7-20-25 бағдарламасы 2018 жылғы шілдеде іске қосылды. Бұл туралы бүгін Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев ҚР Үкіметінің отырысында баяндама жасаған кезде еске салды.

Ол Бағдарламаны 8 банк: Банк ЦентрКредит, АТФБанк, Цеснабанк, Банк RBK, Еуразиялық Банк, Халық банкі, Forte Bank және Сбербанк ЕБ іске асырып жатқандығын атап өтті.

«17 қаңтардағы жағдай бойынша «7-20-25» бағдарламасы бойынша 52 млрд теңгеге 4 350 өтінім мақұлданды*», - деді Д. Ақышев.

«Халықпен белсенді түрде түсіндіру жұмысын жүргізуге 6 миллионнан астам қазақстандық қамтылды. Бағдарламаны іске асыру барысы бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде жүйелі түрде жарияланады. Тәулік бойы call-орталық жұмыс істейді. Ұлттық Банктің аумақтық филиалдары мен «Баспана» ипотекалық ұйымы барлық өңірлердегі халықпен және еңбек ұжымдарымен кездесу өткізуде», - деп түсіндірді Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы.

Д. Ақышев «7-20-25» бағдарламасын жандандыру үшін бірқатар мәселелерді шешу қажет екендігін атап өтті.

«Қазіргі уақытта шектеудің бірі бастапқы баспананың, ең алдымен, өңірлерде баспананың жетіспеушілігі болып табылады. Осыған байланысты Бағдарлама талаптарына сай келетін тұрғын үй құрылысын Қазақстанның перспективалық өңірлерінде қамтамасыз ету маңызды. Ол үшін тұрғын үйге сұранысты, демографиялық өсуді және халықтың көші-қонын ескеру керек. Алдын ала бағалау бойынша азаматтардың Бағдарлама бойынша 2019 жылы баспанаға деген қажеттілігі шамамен 16 мың пәтер болады», - деп түсіндірді ол.

Қазақстан Ұлттық Банкі басшысының айтуынша, тұрғын үй ұсынысын ұлғайту үшін Қазақстан Ұлттық Банкі «Баспана» компаниясының жергілікті атқарушы органдардың нарықтық талаптармен 150 млрд теңгеге дейін сомадағы облигацияларын сатып алуына рұқсат берді. «Бүгінде бұл тетікті Шымкент қаласының әкімдігі ғана 10 млрд теңге мөлшерінде пайдаланды. «Баспана» ұйымынан қаржыландыру тарту құқығын басқа әкімдіктерге беру мүмкіндігін қарастыру қажет», - деді Д. Ақышев.

Ол сондай-ақ Бағдарламаны жандандыру үшін 2018 жылғы желтоқсанда мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларына өзгерістер енгізілгенін атап өтті. «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша салынған үйлер Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі арқылы

салымшылар мен кезекте тұрғандарға және барлық азаматтарға «7-20-25» бағдарламасы бойынша ипотекалық қарыздар арқылы сатылуы мүмкін.

«Бастапқы жарнаны азайту үшін қызметкерлердің жекелеген санаттарына қолдау көрсетілуде. Жеңілдік берілген ипотека бойынша бастапқы жарнаны субсидиялау механизмі енгізілді. Ол әлеуметтік және бюджеттік сала қызметкерлеріне тұрғын үй сертификаттарын беру нысанында жүзеге асырылады», - деп атап өтті Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы.

Ол жекелеген өңірлердің тұрғын үй сертификаттарын беруге кірісіп кеткенін хабарлады. «Мысалы, Астана әкімдігі 1 млн теңге бастапқы жарнаны субсидиялау үшін мұғалімдерге, дәрігерлерге және полиция қызметкерлеріне 100 сертификат берді. Тұрғын үй сертификаттарын беру нақты сипатта болуға тиіс және Бағдарлама басында ғана болуы мүмкін», - деді Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы.

Д. Ақышевтың айтуынша, Бағдарламаға қатысу талаптарының бірі – меншік құқығында баспананың болмауы. Сонымен қатар азаматтардың меншікті баспанасы болып, қосымша баспана талап етілетін көптеген жағдай бар.

«Бұл тұрғын үй талаптарын жақсартатын көпбалалы отбасылар, балаларына баспана сатып алатын ата-аналар, басқа географиялық өңірге көшетін азаматтар болуы мүмкін», - деді ол.

Д. Ақышев халықтың қажеттілігін назарға ала отырып, Қазақстан Ұлттық Банкінің Үкіметке Бағдарламаға меншік құқығында баспанасы бар азаматтарға қатысу құқығын беру мүмкіндігін зерделеуді ұсынатынын атап өтті.

«Жалпы алғанда, ұсынылған шаралар Бағдарламаны жандандыруға қосымша қарқын беруге және Мемлекет басшысының азаматтарды қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету тапсырмаларын іске асыруды тездетуге мүмкіндік береді деп есептейміз», - деді сөзін қорытындылай келе Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы.

Ескерту:

* «7-20-25» бағдарламасының және НИӨ шеңберінде 4997 қарыз мақұлданды.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz